



**«Батыс- Алтай мемлекеттік табиғи қорығы» РММ  
«Парктер шеруі-2022» табиғатты қорғау акциясы аясында қашықтан  
өткізілетін мәнерлеп оқу байқауын жариялайды**

**Байқауды өткізудің мақсаты:** жанды табиғатқа ұқыпты, қамқор көзқарасты қалыптастыру. Экология және шығармашылық мәдениет саласындағы ой-өрісті кеңейтуге ынталандыру.

**Міндеттері:**

- ✓ көркем оқу өнерін дәріптеу;
- ✓ конкурсқа қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ✓ балалар мен ересектер арасында үздік мәнерлеп оқитындарды анықтау және қолдау;
- ✓ экологиялық сананы қалыптастыру және табиғатқа деген сүйіспеншілікті насихаттау

**Байқау алаңы:** Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығының ҒМЭАЖТ бөлімі

**Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:**

- «Қызғалдақ – тамаша гүл»
- «Құстарсыз өмірімізді қалай елестетеміз»
- «Батыс Алтай – шабыт мекені»
- «Туған жер»

**Қатысушыларға шарттар мен талаптар:** Байқауға жас шектеулерінсіз барлық тілек білдірушілер қатыса алады. Қатысушылар байқау тақырыбы бойынша өлеңді немесе әдеби композицияны жатқа оқып, орындауы керек. Тек жеке қатысуға рұқсат етіледі. Өлеңдердің атаулары болуы керек және қатысушының түсініктемелерімен бірге жүруі мүмкін.

**Байқауды өткізудің уақыты мен тәртібі**

Өтінімдер мен материалдарды қабылдау 20.05.2022 ж. (қоса алғанда)

Бағалау кезеңі 23.05-03.06.2022 ж.

07.06.2022 ж. бастап марапаттау (естелік сыйлықтар мен мадақтамалар)

**Байқау жұмыстарын бағалаудың критерийлері**

- ✓ Техника және сөйлеу мәдениеті;
- ✓ Оқу мәнерлігі;
- ✓ Орындаудың түпнұсқалылығы;
- ✓ Әдеби туындының мағынасын түсінуі;
- ✓ Әртістік қабілеті;
- ✓ Сыртқы бейнесінің эстетикасы;
- ✓ Байқау тақырыбына сәйкестігі;
- ✓ Жас санаттары: 3 жастан 6 жасқа дейін; 7 жастан 11 жасқа дейін; 12 жастан 18 жасқа дейін; 19 жастан жоғары).

1. Өтінімді
2. Бейне-қойылымды бекітілген мерзімде FMЭАЖТ бөлімінің электронды мекенжайына: [epit\\_zagpz@mail.ru](mailto:epit_zagpz@mail.ru) жолдау қажет.

*Ескерту: жауап ретінде Сіз конкурсқа қабылданған жұмыстар туралы растау хатын алуыңыз керек, егер сіз жауап алмасаңыз, бізбен хабарласыңыз.*

*Өтінім формасы*

### ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ

1	Байқаудың атауы	
2	Номинация атауы	
3	Қатысушының аты, жөні, тегі	
4	Оқу орнының немесе ұйымның толық атауы (қысқартусыз)	
5	Жасы, сыныбы	
6	Жеке телефоны	
7	Қатысушының марапаттау қағазын немесе сертификатын жолдау үшін e-mail	

### Шығармашылық байқаудың жеңімпаздарын марапаттау

Байқау комиссиясының қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады (I, II, III орын). Жұмыстар жас санаттары бойынша бағаланады. Байқау комиссиясы байқау материалдарын қарау мерзімдерін өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Жеңімпаздар қатарына кірмеген қатысушылар қатысқаны үшін сертификат алады. Қол қойылған және мөр басылған құжат электронды түрде жіберіледі! Марапаттау қағаздардарын тапсыру және тарату байқау қорытындылары шығарылғаннан кейін жүзеге асады.

Байқау қорытындысы бойынша өлеңдерін басып шығаруға ұсынылған авторлардың тізімі жасалады.

**Мекен-жайы:** Шығыс Қазақстан облысы,  
Риддер қаласы  
Семипалатинский көшесі, 9

E-mail: [epit\\_zagpz@mail.ru](mailto:epit_zagpz@mail.ru)  
Жұмыс тәртібі: дүйсенбі-жұма  
08:00-17:00  
**Телефоны:** 8 (723) 36 7-72-87

**Байқауға сәтті қатысуларыңызға тілектеспіз!**